

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ШАҒЫН ҚАЛАЛАРДЫҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ (АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ҚАНДЫАҒАШ ҚАЛАСЫ МЫСАЛЫНДА)

Раушан
ЕСБЕРГЕН*

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Ақтөбе облысы филиалының профессоры, Ақтөбе, Қазақстан, r.esbergen@apa.kz, ORCID ID: 0000-0003-3894-8254, Scopus Author ID: 57205405546

Қолжазбаның редакцияға түскен күні: 15/04/2024

Қайта өңделген күні: 04/05/2024

Қабылданған күні: 14/05/2024

DOI: 10.52123/1994-2370-2024-1223

ӘОЖ 330

ҒТАХТК 06.61.53

Аңдатпа. Ғылыми мақаланың мақсаты Қазақстан Республикасындағы шағын қалалардың даму мәселелерін талдау және даму перспективаларын анықтау болып табылады. Зерттеу барысында шағын қалалардың дамуының шетелдік тәжірибесі зерделенді. Қазақстан Республикасы аймақтарындағы шағын қалалардың негізгі даму мәселелері айқындалып жүйеленді. Ақтөбе облысы бойынша даму перспективасы жоғары шағын қалалардың бірі болып табылатын Қандыағаш қаласына SWOT-талдау жүргізілді. Талдау қорытындысы бойынша Қандыағаш қаласын кешенді дамыту мүмкіндіктері қарастырылды. Шағын қалалардың имиджін қалыптастыру бойынша ұсыныстар келтірілді. Зерттеу барысында ғылыми зерттеудің талдау, синтез, салыстыру әдісі және жүйелік тәсіл сияқты әдістер басшылыққа алынды.

Түйін сөздер: шағын қалалар, өңірлік стандарт, қолайлы орта, даму жоспары.

Abstract. The purpose of the scientific article is to analyze the problems of the development of small towns in Kazakhstan and determine the prospects for their development. In the course of the study, foreign experience in the development of small towns was studied. The problems of the development of small towns in the Republic of Kazakhstan have been studied. A SWOT analysis of the city of Kandyagash in the Aktobe region as one of the promising small towns in the region was carried out. Based on the results of the analysis, the possibilities of integrated development of the city of Kandyagash were considered. Recommendations on the formation of the image of small towns are given. In the course of the study, such scientific research methods as analysis, synthesis, comparison method, and systematic approach were guided.

Keywords: small towns, regional standard, favorable environment, development plan.

Аннотация. Целью научной статьи является анализ проблем развития малых городов Казахстана и определение перспектив их развития. В ходе исследования был изучен зарубежный опыт развития малых городов. Выявлены основные проблемы развития малых городов Республики Казахстан. Проведен SWOT-анализ города Кандыагаш в Актобинской области как одного из перспективных малых городов региона. По итогам анализа были рассмотрены возможности комплексного развития города Кандыагаш. Даны рекомендации по формированию имиджа малых городов. В ходе исследования применены такие методы научного исследования, как анализ, синтез, сравнительный анализ и системный подход.

Ключевые слова: малые города, региональный стандарт, благоприятная среда, план развития.

Кіріспе

Ғаламдану және бәсеке жағдайында шағын қалалар біртіндеп әлемдік әлеуметтік-экономикалық жүйеге интеграцияланады және олар басқа қалалармен қатар халықтың қолайлы өмір сүруі үшін сапалы жағдайлар жасауға, инвестиция тартуға және білікті жұмыс күшін тартуға бәсекеге түсуіне тура келеді.

Соңғы онжылдықтардағы зерттеулер дамушы елдер үшін жедел экономикалық өсу әрдайым дерлік аумақтық теңсіздіктің күшеюімен қатар жүретінін көрсетеді. Нарықтық қатынастарға көшу аймақтар мен аудандардың, шағын қалалар мен агломерациялардың экономикалық және әлеуметтік сипаттамаларын айтарлықтай өзгертті. Бұл өзгерістер көбінесе әлеуметтік-экономикалық процестерді басқаруды орталықсыздандыру ең ауыр зардаптарға әкелген шағын және орта қалаларға әсер етті. Осыған байланысты шағын және орта қалалардың әлеуметтік-экономикалық даму проблемалары және осы дамуды стратегиялық басқару ерекше маңызға ие болады.

Қазіргі уақытта Қазақстанның шағын қалаларының проблемаларын еңсеру қоғам мен мемлекеттің бірлескен күш-жігерін, сонымен қатар бұл қалалардың елдің ажырамас бөлігі екенін түсінуді талап етеді. Оларды дамытуға салынған инвестициялар жергілікті тұрғындардың өмірін жақсартып қана қоймай, бүкіл елдің тұрақты және біркелкі экономикалық өсуіне жағдай жасайды [1].

Ғаламдық деңгейде қазіргі уақытта урбанизация процесі белсенді жүріп жатыр. Урбанизация деп қалалық аймақтарды кеңейту, қала халқының өсуі, қалалардың рөлін арттыру және қалалық байланыстарды нығайту процесі қарастырылады. Өзекті мәселе қалаға көшу барысында халық әдетте ірі қалаларды (мысалы, Қазақстанда Алматы, Астана, Шымкент, т.с.с.) таңдауы болып табылады. Бұл өз кезегінде ірі қалаларға әлеуметтік-экономикалық, экологиялық жүктеме тудырады.

Бұл Қазақстан сияқты үлкен ел үшін өзекті мәселе, әрбір қалада адамның лайықты және қолайлы өмір сүруі үшін қажетті жағдайлар жасау қажет. Көптеген

шағын қалалар өндіруші сектор сияқты бір негізгі салаға тәуелді. Бұл оларды экономикалық ауытқуларға және әлемдік нарықтардағы өзгерістерге осал етеді. Экономиканы әртараптандыруды дамыту шағын қалалардың тұрақты дамуы үшін қажет болады.

Материалдар мен әдістер

Мақаланы жазу барысында ғылыми зерттеудің талдау және синтез әдістері басшылыққа алынды. Ақпараттық база ретінде ҚР Ұлттық статистика бюросының Ақтөбе облысы бойынша департаментінің мәліметтері, ҚР өңірлік стандарттар жүйесі бойынша критерийлер, Қандыағаш қаласының әлеуметтік-экономикалық даму бойынша кешенді жоспары, шағын қалалардың даму мәселелері мен перспективаларын зерттеген отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері зерделенді.

Нәтижелер

Шағын және орта қалалардың ұзақ мерзімді өркендеуі инфрақұрылымның қаншалықты дамығанына және оның жаңа негізгі өндірістің жүктемесін қабылдауға қаншалықты дайын екендігіне байланысты. Инфрақұрылым (қосалқы өндіріс) неғұрлым дамыған болса, қаланың бүкіл экономикасы соғұрлым икемді болады, оның экономикалық дамуы мен өркендеуі соғұрлым берік негізде болады.

Әр түрлі елдердегі шағын қалаларды анықтау үшін әртүрлі критерийлер бар. Олардың ішінде қала функцияларының мөлшері (халық саны), саны мен ауқымы (тұрғындардың көпшілігінің негізгі қызметі) сияқты негізгілерін ажыратуға болады. Бұл ретте әртүрлі елдердің ұлттық заңнамаларында елді мекенді қала деп санауға болатын санның әртүрлі критерийлері белгіленеді: Данияда 250 адамнан басталса Жапонияда 30 мың адамға дейін құрайды [2].

Қала дамуын модельдеу саласындағы жұмыстардың ішінде отандық және шетелдік ғалымдардың жұмыстарын атап өтуге болады: Строев П.В., Леднева О.В., Нурланова Н.К., Мырзалиев Б.С., Бурлаков Л., Әбенев Е.М. және т.б.

Шағын қалаларды дамыту саласында бұрын жүргізілген зерттеулер оның дамуын анықтайтын жағдайлардың келесі негізгі топтарын анықтады [3]:

1. Қалааралық көлік инфрақұрылымын дамыту. Тұрғындарға шағын қалада тұрып, жұмысқа және оқуға баруға мүмкіндік береді.

2. Қаланың кәсіпорындары мен аумақтарын мемлекеттік (аймақтық және республикалық) бағдарламалар жүйесіне тарту. Инфрақұрылымды, өнеркәсіптің жекелеген салаларын дамытудың, кластерлерді қалыптастырудың мемлекеттік бағдарламалары шағын қала үшін, оның ішінде инновациялық сала үшін де инвестициялардың маңызды көзі болып табылады.

3. Бірегей әлеуметтік-мәдени нысандарды құру. Бұл шағын қаланың туристік немесе мәдени орталыққа айналуына, сол арқылы қала экономикасында жаңа сала құруға көмектеседі

Осылайша, шағын қаланың дамуы үшін көптеген әлеуметтік-экономикалық жүйелерге тән дәстүрлі экономикалық, әлеуметтік, ресурстық факторлар бар.

Шағын қалалардың пайда болуы Қазақстан аумағында өнеркәсіп саласының дамуымен байланысты. Өнеркәсіптік орындардың пайда болуымен елді мекендер мен шағын қалалар құрылды, тұрғындар саны 20 мыңға жетті [4]. 1959 жылы 43 шағын қала болды, 80-ші жылдардың аяғында қалалар саны 84-ке дейін өсті [4]. 1990 жылдары шағын қалалардың халқы 50% - ға күрт төмендеді [4].

Кеңес дәуіріндегі шағын қалалар көбінесе белгілі бір өндірістегі елді мекендер болды (теміржол вокзалы, зауыт, әскери құрылым). Осыған байланысты шағын қалаларды екі топқа бөлуге болады: теміржол желілері бойындағы қалалар және олардан алыс қалалар. Бұл қала құраушы объектіге қызмет көрсету олардың мемлекет тұрғысынан өмір сүруінің мәнін құрады.

Шағын қалалар - әлемдегі, соның ішінде Қазақстандағы ең көп қалалық қоныстар тобы. Бұл тұрақты категория, еліміздің «қала құрылымының» қажетті элементі. Мұндай қаланың ерекшелігі - біріншіден, қала тұрғындарының аз санын, екіншіден, ол алып жатқан шағын

аумақты білдіреді [5].

Ел аумақтарын урбанизациялау индустрияландыру серпінінің және мемлекет дамуының жаңа экономикалық мүмкіндіктерінің көрсеткіші болып табылады. Біздің елімізде 2023 жылы облыстар саны 17, аудандар – 188, қалалар – 89, оның ішінде республикалық маңызы бар қалалар – 3, кенттер – 29, ауылдық округтер – 2 177, ауылдар – 6 295 құрады [6].

Статистика бойынша, Қазақстанда барлығы 89 қала бар, оның 27 қаласы 1,4 млн халқы бар моноқалалар. Моноқалалардың кәсіпорындары елдің өнеркәсіптік өнімдерінің шамамен 40% өндіреді [7].

Қазақстандық қалалардың негізгі проблемалары көбінесе аумақтық жоспарлаудың әлсіз жүйесімен байланысты қалалардың стихиялық өсуі, ластану, қанағаттанарлықсыз мемлекеттік қызметтер (мысалы, коммуналдық қызметтер), тұрғын үй алаңының жетіспеушілігі және қалаішілік көлік қатынасының нашарлығы болып отыр.

Оның ішінде Қазақстандағы шағын қалаларының негізгі проблемалары төмендегідей сипатқа ие:

- кадрлық жетіспеушілік, инвестициялардың жетіспеушілігі, жалпы экономиканың құлдырауы, сыртқы нарықтағы бәсекеге қабілетсіздік;
- жергілікті атқарушы органдарда қажет саяси, әкімшілік және қаржылық дербестіктің болмауы;
- жұмыссыздықтың өсуі, технологиялық артта қалу немесе өнеркәсіптік кәсіпорындардың болмауы немесе жабылуы;
- өте қолайсыз демографиялық жағдай - жастардың ірі қалаларға қоныс аударуы, халықтың табиғи азаюы;
- нашар медициналық көмек, денсаулық сақтау жүйесінің артта қалуы;
- әлеуметтік-мәдени саланың даму деңгейінің төмендігі, білім беру мекемелерінің жетіспеушілігі, ескірген және тозығы жеткен тұрғын үй қоры;
- облыс орталығына автожол желісінің нашар жағдайы;
- аудан орталықтары мен шеткері аймақтардың бытыраңқылығы, көлік қолжетімділігінің нашарлығы;
- жалпы қалада абаттандырудың болмауы, қатты жол жабыны бар

көшелердің аз болуы, инженерлік инфрақұрылымның тозуы, т.б. [8].

Шағын қалалардың жергілікті бюджеті өзінің кірісі мен трансферттерден тұрады. Өңірлік саясатта әкімдердің тікелей сайлануын енгізу және әкімшілік реформа өзекті болып табылады. Бұған қарамастан өңірлік дамуда бюджетаралық қатынастарды жетілдіру, салықтық кірістерді өңірлік бюджеттерге беру жөніндегі іс-шараларға қарамастан біркелкі болмай отыр. Жалпы, Қазақстан Республикасының жергілікті билік органдарына дамудың кешенді жоспарларын іске асыру үшін қаржы ресурстары жетіспейді. Қалалық басқару көбінесе қолда бар қаржыландыру тетіктерінің сапасына байланысты. Қалалардың өз ресурстарының едәуір қоры болуы өте қажет.

Шағын қалаларды дамытудың оң динамикасын қалпына келтіру инвестициялық саясат құралдары, қала экономикасының жекелеген салаларын күшейту, жергілікті атқарушы органдардың ауқымды іс-шаралар өткізуі арқылы мүмкін болады.

Шетелдегі шағын және орта қалалардың дамуын экономикалық ынталандырудың ең кең таралған және кеңінен қолданылатын құралы олардың аумағында кішігірім өндірістерді орналастыру және дәстүрлі қолөнерді қолдау болып табылады.

Ұлыбританияда 1980 жылдардан бастап қалаларды дамыту бағдарламалары жеке капиталды тартуға нақты назар аударды [9]. Сонымен қатар, жергілікті билік қалалардың дамуын ынталандыру үшін белгілі бір шараларды өз бетінше қабылдағанын атап өткен жөн: инвестицияларды тартуға ықпал ететін өнеркәсіптік кәсіпорындар мен ұйымдар үшін жер учаскелері мен ғимараттар беру. 1986 жылдан бастап қалаларды қалпына келтіру қоры, ал 1989 жылдан бастап қалалық қор әрекет етеді, оның ішінде қалалық мәселелерді шешуге, сондай-ақ ірі жобаларды бірлесіп қаржыландыруға қаржы бөлінеді [10].

Шетелдік тәжірибеге сәйкес, Канадада шағын қалалар мен ауылдарға жаңа тұрғындар ағынының жетіспеушілігін шешудің бір жолы - ірі қалалардан ауылдық жерлерге көшуді қалайтын иммигранттарды ынталандыру,

олар үшін бизнесті дамыту мүмкіндіктері көбірек және тұрғын үй құны орталық аймақтарға қарағанда әлдеқайда төмен. Шағын қалаларды дамыту Канаданың инфрақұрылым министрлігі өткізетін гранттық конкурстардың арқасында мүмкін болады. 2017 жылы Smarter Cities Challenge жарияланды, оның мақсаты ең жаңа технологияларды қолдану арқылы бүкіл ел бойынша өмір сүру сапасын жақсарту болды [11].

2023 жылдың жазында Ирландия Our Living Islands бағдарламасын іске қосты, онда еріктілер көптен бері бос тұрған үйлерді дұрыс күйге келтіру үшін Атлант жағалауындағы адамдар көп емес аралдарға көшуі керек. Бағдарламаға қатысушылар осы мақсаттар үшін 84 мың еуро алады. Ирландия Үкіметі осылайша қараусыз қалған аралдардағы белсенді өмірді жандандыруға болады деп санайды [12].

Неміс тәжірибесінің маңызды жағымды ерекшелігі-қоғамдық пікірді ескере отырып, шағын қалаларды дамытудың стратегиялық жоспарларын құру процесі. Германия көбінесе моно-бағдарланған шағын қалаларды модернизациялауға үш рет әрекет жасады, тек соңғысы ғана сәтті болды, бұл қоғамның, кәсіпорындардың, федералды, аймақтық және муниципалдық биліктің бірлескен күш-жігерін көздеді [13].

Шетелдік тәжірибені ескере отырып, төмендегідей ұсыныстарды бөліп көрсетуге болады:

1) бірінші кезекте бірнеше нақты белгіленген бағыттарды қамтитын шағын қалалар мен ауылдарды дамытудың кешенді стратегиясын әзірлеу қажет;

2) тікелей қаржылық ынталандыру есебінен не көшіп келушілердің кәсіпкерлік қызметін ынталандыру арқылы халықтың аз қоныстанған аумақтарға келуін көтермелеуді қамтамасыз ету;

3) шағын қалалар мен ауылдардың тұрғындарын даму стратегиясын талқылауға тікелей тартуға және оны одан әрі әзірлеу кезінде олардың тікелей ұсынымдарын назарға алу;

4) қалалар үшін гранттық конкурстар өткізуге бюджеттен қаражат бөлуге, сол арқылы олардағы өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі қызметті

көтермелеу.

БҰҰ тұрақты даму мақсаттарына сәйкес шағын қалалардың дамуын бағалау көрсеткіштеріне әлеуметтік-медициналық қызметтер, мәдениет және спорт саласындағы қызметтер, көлік және байланыс қызметтері, қоғамдық қызмет көрсету жүйесі, халықты әлеуметтік қорғау жүйесі, білім беру жүйесіндегі қызметтер, азаматтардың құқықтары мен бостандығын қорғау, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық қызметтері және аумақтың экологиялық қауіпсіздігі жатқызылады [14].

Қазақстан Республикасының өңірлері халықтың әлеуметтік экономикалық дамуы мен өмір сүру сапасы бойынша түбегейлі ерекшеленеді. Өңірлік стандарттар жүйесі - бұл қалалық және ауылдық елді мекендердің тұрғындары қамтамасыз етілуі тиіс Әлеуметтік және инженерлік-техникалық инфрақұрылымдардың объектілері мен қызметтерінің базалық тізбесі. Олардың болуы мен қол жетімділігі аймақтардағы өмір сапасы мен олардың әлеуметтік тартымдылығы туралы тұтас түсінік қалыптастырады.

Объектілермен және қызметтермен қамтамасыз ету туралы хабардар болу, біріншіден, халықтың өмір сүру сапасын және елді мекендердің әлеуметтік тартымдылығын төмендететін проблемаларға назар аудару үшін қажет. Екіншіден, аймақтардың барлық қажетті инфрақұрылыммен қаншалықты қамтамасыз етілгені және халықтың кең ауқымына әлеуметтік игіліктер мен мемлекеттік қызметтердің қаншалықты қолжетімді екендігі туралы ақпаратқа ие болады [15].

Мәселен, 2022 жылы өңірлік стандарттар жүйесіне сәйкес қалаларды әлеуметтік игіліктермен және қызметтермен қамтамасыз ету деңгейі тек 84,7% құрады [16].

Ақтөбе облысы еліміздің өңірлері арасында өмір сапасы бойынша көшбасшылардың бірі болып табылады. Объектілермен және қызметтермен (игіліктермен) қамтамасыз ету деңгейі 80,2% құрайды. Бұл республика бойынша Алматы қаласы мен Павлодар облысынан кейінгі үшінші көрсеткіш

болып табылады [16].

Ақтөбе өңірінің мықты позициялары білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт объектілерімен, көлік және инженерлік инфрақұрылыммен, сондай-ақ қызмет көрсету инфрақұрылымымен және т.б. қамтамасыз етудің жоғары деңгейіне байланысты.

Ақтөбе облысы инфрақұрылыммен жоғары қамтамасыз етілуден басқа, мұндағы ауылдардың қалаларға қарағанда жақсы жабдықталғандығымен ерекшеленеді. Мәселен, 2022 жылдың қорытындысы бойынша ауылдардың әлеуметтік игіліктермен және инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуі қалалардағы 73,5% - ға қарағанда 86,8% құрады [16].

Бұл жағдай бірнеше факторларға байланысты. Біріншіден, аймақта 6 шағын қала бар, олар қаржыландырудың жеткіліксіздігіне байланысты өмірді қамтамасыз ететін инфрақұрылымға қатысты күрделі мәселелерге ие. Сонымен қатар, екі қалада халық саны 3 мың адамнан аспайды (Жем – 1,5 мың, Темір – 2,1 мың), тиісінше, бұл қалаларда қалалық стандарттар сақталмайды [17]. Шағын қалалардың төмен көрсеткіштері облыс қалаларының инфрақұрылым объектілерімен және басқа да игіліктермен қамтамасыз етілуінің орташа деңгейіне тікелей әсер етеді.

Қандыағаш қаласы аудандық маңызы бар және Мұғалжар ауданының орталығы болып табылады. Тоғыз жолдың торабы болып саналатын қала аумағы бойынша «Ақтөбе – Ембі», «Ақтөбе-Шұбарқұдық» автокөліктік тас жолы мен «Москва-Бишкек», «Астана - Маңғышлақ» бағыттарында теміржол желісі өтеді. Қаланың минералдық-шикізат базасы фосфорит кен орындарынан, құм, саз сияқты құрылыс материалдарынан құралады. Қаланың өнеркәсіп өндірісі саласында минвата, мұнай өнеркәсібі, этил спирті мен құрылыс кірпішін өндіру («Неохим» ЖШС, «Казтермогрупп» ЖШС, «Кентавр» ЖШС, «Ақтөбе МұнайМашКомплект» АҚ мен басқа да шағын және орта бизнес кәсіпорындары), жылу энергиясымен, сумен қамтамасыз ету және мұнай-газ өндіру кәсіпорындарынан құралады.

Кесте 1 – Қандыағаш қаласына SWOT-талдау

| Күшті жақтары | Әлсіз жақтары |
|---|--|
| Қандыағаш қаласының қолайлы экономикалық-географиялық және көліктік жағдайы | Қала өнеркәсіптік аймақ болғандықтан, қоршаған ортаға қатысты мәселелер бар, қала аумағындағы жағымсыз иіс орын алуы |
| Қала аумағында ірі өнеркәсіптік кәсіпорындардың болуы | Тұрақты тұрғындар санының азаюы |
| Қала су, газбен 100 пайыз қамтылған | Коммуналдық-инженерлік желілер тозуы |
| Тұрғындар санының соңғы 3 жылда оңды динамикасы сақталған (+3180 адам) | Шағын орта бизнесті тиімді дамыту үшін "Ауыл аманты" бағдарламасы несиесі көлемінің аздығы |
| Мүмкіндіктері | Тәуекел және қатерлер |
| Азық-түлік тауарларымен өзін-өзі қамту. Жаңа кәсіпте жаңа тәсілдерді іске асыру және іскерлік белсенділікті дамытуға, ішкі нарықты қанағаттандыруға жол ашады | Халықтың бизнеске деген ынтасының жоқтығы және қысқа мерзімдік табысқа бағдарлану |
| Бизнестің экономикалық белсенділігін ынталандыру және дамыту және бәсекеге қабілетті ШОБ субъектілерін құру. | Ресурстарды пайдалануда ғылыми-нұсқау нормативтерді сақтамау, қаражат тапшылығы |
| Инвесторлар тарту, өңдеу өндірісін дамыту | Бюджеттің жоғарыдан тәуелділігі |

Ескерту: автормен дайындалған

Қандыағаш қаласының күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен қауіп-қатерлерін талдауға сәйкес, ол теміржол және автожолдың тоғысқан орны болғандықтан, жол бойы сервисін, көлік-логистикалық қызметтерді дамыту мүмкіндіктері бар. Облыс бойынша халық саны бойынша екінші ірі шағын қала болып табылады. Халықтың өсу динамикасы көршілес аудандар мен жақын ауылдық округтерден көшіп келуімен байланысты. Халықтың көптігі шағын және орта бизнестің дамуына ықпалын тигізеді.

Әлсіз тұстары қаланың айналасында өнеркәсіптік кәсіпорындардың шоғырлануына байланысты экологиялық сипаттағы мәселелердің болуы, коммуналдық-инженерлік желілердің тозуы, т.б. болып табылады.

Қандыағаш қаласына талдау

қорытындысы бойынша халқының өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған негізгі стратегиялық мақсаттардың ішінде мыналарды атап өтуге болады:

- инвестициялық тартымдылықты арттыру және инвесторларды тарту үшін қолайлы жағдайлар жасау есебінен жаңа өндірістер құру;
- қолда бар табиғи және өндірістік ресурстарды тиімді пайдалану;
- шаруашылықтың шағын нысандарын дамытуды қолдау;
- шағын және орта кәсіпкерлік саласында жұмыспен қамтылғандар үлесін ұлғайту;
- талантты жастарды, балалы отбасыларды және т.б. қолдауды қамтамасыз ететін әлеуметтік саясат бағдарламаларын іске асыру;
- жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуге қаланың белсенді тұрғындарын тарту.

Кесте 2 - Қандыағаш қаласы тұрғындарының динамикасы, 2020-2023 жж.

| Жыл | 2020 | 2021 | 2022 | 2023 | Өзгеруі |
|-----------|-------|-------|-------|-------|---------|
| Адам саны | 33263 | 34323 | 35383 | 35697 | +2434 |

Дереккөз: <https://stat.gov.kz/ru/region/aktobe/>

Қандыағаш қаласы Ақтөбе облысындағы 6 шағын қаланың ішіндегі перспективасы жоғары қалалардың бірі болып саналады. Оның бір дәлелі 2020

жылдан бастап халықтың санының артуынан көрінеді. Оның 54 пайызын 18-62 жас аралығында жұмысқа қабілетті тұрғындар құрайды [18].

Кесте 3 - Қандыағаш қаласы тұрғындарының жас санаттары бойынша саны

| | | |
|--|----------------|--------------|
| Халық саны | Барлығы | 35697 |
| | 0-5 | 4895 |
| | 6-17 | 7599 |
| | 18-29 | 5237 |
| | 30-62 | 14037 |
| | 63 одан жоғары | 3929 |
| <i>Дереккөз: https://stat.gov.kz/ru/region/aktobe/</i> | | |

Жалпы қала бойынша ауыл шаруашылығы өндіріс көлемінде өсімдік шаруашылығының үлесі 6,0%, мал шаруашылығы –93,9% және құс шаруашылығы 0,1% құрайды [19]. Қаланың кәсіпкерлік саласында шағын және орта кәсіпкерлік субъектілердің жалпы саны – 2577 бірлік, оның ішінде жұмыс жасайтын субъектілер саны – 3001 бірлік [19]. Есепті кезеңде 2023 жылы 9 жаңа бизнес субъекті тіркелді [19]. Қандыағаш қаласындағы әрекет етуші белсенді шағын және орта бизнес субъектілерінің 25 – жауапкершілігі шектеулі серіктестік (ЖШС) болып табылады. Шағын қалаларда «Ауыл аманаты» жобасын жүзеге асыру механизмдерін – несиелеу сомасының көлемі, басымдықты бағыттар, т.б. қайта қарастырған жөн.

Қазіргі уақытта кәсіпкерлік өндірістік және өндірістік емес қызметті ұйымдастырудың ең тиімді нысандарының бірі бола отырып, Қандыағаш қаласының экономикалық дамуына: тұтыну нарығын жергілікті өндірістің сапалы тауарларымен және қызметтерімен қанықтыру; халықтың өмір сүру деңгейі мен жұмыспен қамту мәселелерін шешу; бюджеттік жүйеге салық төлемдерін ұлғайту бағыттары бойынша айтарлықтай әсер етеді. Қандыағаш қаласы Ақтөбе агломерациясына кіреді. Агломерациялық қалалардың бәсекелестік артықшылықтарын қалыптастыру және орналастыру қажет: инфрақұрылымның дамуы, жұмыс күшінің сапасын арттыру, қолайлы экологиялық жағдай және т.б. Инвестициялық саясат аясында агломерациялық қалаларда өнеркәсіптік бақтар құру арқылы жаңа жобаларды жүзеге асыру мүмкіндігі бар. Жалпы, агломерациялық қалалардың

инновациялық әлеуетінің бар екенін түсіну және оларды аймақ экономикасын әртараптандыру бағдарламаларын әзірлеу кезінде пайдалану өте маңызды [20].

Шағын қалалардың танымалдығын қамтамасыз ету мақсатында республикалық деңгейде «Ең үздік шағын қала» конкурсын ұйымдастыру ұсынылады. Іріктеу критерийлерін жергілікті тұрғындардың қатысуымен толықтыруға болады. Ұсынылатын негізгі критерийлер шағын қаланың табиғи ортасы мен құрылыс сапасы; қала «өнімдері»; адам капиталы (өмір сүру сапасы көрсеткіштері); әл-ауқат деңгейі; ШОБ белсенділігі; қаладан шыққан танымал тұлғалар; қаланы жылжыту тиімділігі, т.б. болып табылады.

Талқылау және тұжырымдар

Ақтөбе облысы Қандыағаш қаласының даму жағдайын талдау нәтижесі бойынша шағын қалаларды дамытуды басқарудың мемлекеттік саясаты келесі мәселелерді шешумен байланысты болуы керек деп санаймыз:

1. Шағын қалалардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға назар аудару. Әрбір нақты қала үшін оның типологиясына сәйкес басым салалар мен секторларды қолдауды ескере отырып, өңірлік дамудың жалпы жүйесіне бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
2. Шағын қалаларда инновациялық салалар мен жоғары технологиялық өндірістердің озыңқы өсуін ынталандыру;
3. Өңірлік және өңіраралық кооперация арқылы көмекші және қызмет көрсету секторларын инвесторларға жағдай жасай отырып дамыту;
4. Инновациялық салалар мен өндірістерге негізделген шағын

қалалардың экспорттық перспективаларын дамытуды ынталандыру, экспорттық мүмкіндіктерді нығайту үшін салықтық жеңілдіктер мен преференциялар беру;

5. Әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту, денсаулық сақтау және білім беру салаларында көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру, жастардың кәсіби білімге кең қолжетімділігін қамтамасыз ету, қаланың кадрлық әлеуетін дамыту үшін сапалы тұрғын үйге, медициналық қызметтерге және мектепке дейінгі мекемелерге кепілдік беру;

6. Аумақтық маркетинг және қалалық брендинг құралдарын қолдану;

7. Азаматтар мен билік органдары арасында кері байланыс механизмдерін орнату;

Осы шаралардың барлығы шағын қалалардың тұрақты және үйлесімді дамуына ықпал ете алады, олардың тұрғындары үшін қолайлы орта мен инвесторлар үшін тартымдылыққа ықпал етеді [21].

Шағын елді мекендердің осы және басқа да проблемаларын шешу үшін олардың экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуы үшін жағдай жасау, мемлекеттік қолдаусыз мүмкін болмайтын әл-ауқат пен инвестициялық тартымдылық деңгейін арттыру қажет. Тек осы бағыттардағы жоспарлы, кешенді

жұмыс шағын қалаларда өмір сүру деңгейін арттыруға ықпал етеді, жұмыс орындарының санын көбейтеді, халықтың тұрақтануына жағдай жасайды.

Қорытынды

Қандыағаш қаласының экономикалық дамуына тиімді географиялық орналасуы, халық санының динамикасы, ірі өнеркәсіптік объектілер мен дамыған жол инфрақұрылымының болуы шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға қолайлы болып келеді. Өз кезегінде шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы тұтыну нарығын жергілікті өндірістің сапалы тауарларымен және қызметтерімен қамтамасыз ету; халықтың өмір сүру сапасы мен жұмыссыздық мәселесін шешу; жергілікті бюджетке салық төлемдерін ұлғайту бағыттары бойынша айтарлықтай әсер етеді.

Қазақстанда шағын қалалардың әлеуметтік-экономикалық, экологиялық мәселелерін шешуде мемлекеттік қолдау арқылы арнайы бағдарламалар қабылдау, инвестиция тарту маңызды. Мұндай қаржылық және мемлекеттік қолдау бойынша жоспарлы, кешенді жұмыс шағын қалаларда өмір сүру деңгейін арттыруға ықпал етеді, жұмыс орындарының санын көбейтеді, халықтың тұрақтануына жағдай жасайды.

Әдебиеттер тізімі

1. Ахатова, Э. Х. Ретроспективный анализ этапов урбанизации и тенденций развития городов в Казахстане / Э. Х. Ахатова, Л. М. Бекенова, Г. Ж. Сейтхамзина // Вестник университета Туран. – 2022. – № 3(95). – С. 83-94. – DOI 10.46914/1562-2959-2022-1-3-83-94.
2. Kireyeva, A.A. Assessment of the socio-economic performance of vulnerable and depressed territories in Kazakhstan / A. A. Kireyeva, N. K. Nurlanova, A. A. Kredina // R-Economy. – 2022. – Vol. 8, No. 1. – P. 21-31. – DOI 10.15826/recon.2022.8.1.002.
3. Мырзалиев, Б.С. Аймақтарда шағын және бір салалы қалаларды әлеуметтік-экономикалық дамытуды басқарудың ғылыми негіздері // Вестник университета Туран. – 2016. – № 1(69). – С. 227-231.
4. Эрнazarov, Т. Я. Исследование, анализ современного экономического состояния моногородов Республики Казахстан / Т.Я.Эрназаров, Н.М.Шеримова, А.А.Титков // Вестник Торайгыров университета. Экономическая серия. – 2022. – №4. – С.6-21. – DOI 10.48081/HFBF2476.
5. Сатпаева, З. Т. Анализ городов-спутников агломераций Казахстана / З. Т. Сатпаева // Актуальные научные исследования в современном мире. – 2021. – № 9-1(77). – С. 153-158.
6. Кошебаева, Г. К. Управляемая урбанизация в Казахстане в условиях цифровой экономики / Г. К. Кошебаева, З. М. Магруппова, В. В. Бирюков // Труды университета. – 2023. – № 4(93). – С. 312-323. – DOI 10.52209/1609-1825_2023_4_312.
7. Есбергген, Р.Ә. Қазақстандағы шағын қалалар брендингі: Ақтөбе облысының Қандыағаш қаласы мысалында // Вестник Карагандинского университета. Серия: Экономика. – 2018. – Vol. 89, No. 1. – 225-233.

8. Dyussebekova, Zh. M. Analysis of labor market trends in single-industry towns in Kazakhstan / Zh. M. Dyussebekova, A. A. Nurpeissova, N. A. Tovma // *Central Asian Economic Review*. – 2023. – No.2(149). – P. 44-56. – DOI 10.52821/2789-4401-2023-2-44-56.
9. Лангинен, А. В. Малонаселённые и сельские территории в Великобритании: меры по решению проблем управления// *Социум и власть*. – 2020.– №6(86). – С.29-39. – DOI 10.22394/1996-0522-2020-6-29-39.
10. Аветисян, А. А. Малые города великобритании: пространственное развитие и // *Градостроительство*. – 2023. – № 1-2(83-84). – С. 17-21
11. Строев, П. В. Городские агломерации как элемент региональной политики (на примере Канады) / П. В. Строев, М. Н. Раваев // *Экономика промышленности*. – 2016. – № 2. – С. 183-190. – DOI 10.1707/2072-1663-2016-2-183-190.
12. Макаров, И.Н. Управление пространственно-территориальным развитием на основе стратегий: опыт стран Европейского Союза // *Известия Санкт-Петербургского государственного экономического университета*. – 2023. – № 6-1(144). – С. 26-30.
13. Пьянкова, С.Г. Стратегическое социально-экономическое развитие монопрофильных городов: российский и германский опыт // *e-FORUM*. – 2018. – № 4(5). – С. 16.
14. Леднева, О. В. Адаптированная система показателей оценивания устойчивости развития малых и средних городов целям устойчивого развития ООН / О. В. Леднева // *Экономика и предпринимательство*. – 2019. – № 12(113). – С. 521-526.
15. Бурлаков, Л. Особенности управления малыми городами в Республике Казахстан // *Государственное управление и государственная служба*. – 2017. – № 3(62). – С. 17-22
16. Доклад Министра национальной экономики А.Куантырова «О системе региональных стандартов для населенных пунктов РК» <https://www.gov.kz/memleket/entities/economy/press/article/details/126203?lang=ru> (жүгінген күні:20.02.2024)
17. Комплексный план социально-экономического развития Актыбинской области на 2021-2025 гг. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2200000038>
18. Бюро национальной статистики. Статистика регионов/Актыбинская область [Электронный ресурс]. – URL: <https://stat.gov.kz/ru/region/aktobe/> (жүгінген күні: 23.02.2024)
19. План развития Актыбинской области на 2021-2025 годы <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-ekonomika?lang=ru> (жүгінген күні: 24.02.2024)
20. Әбенев, Е. М. Қазақстанда агломерациялық қалалардың инновациялық дамуын басқару / Е. М. Әбенев, Т. Қ. Бекжанова, А. М. Бакирбекова // *ECONOMIC Series of the Bulletin of the L.N. Gumilyov ENU*. – 2023. – No. 2. – P. 130-142. – DOI 10.32523/2789-4320-2023-2-130-142.
21. Nurlanova, N. K. Sustainable Development of Cities: Rating Assessment Methodology and Risk Analysis (Using Kazakhstan as an Example) / N. K. Nurlanova, F. G. Alzhanova, Z. T. Satpayeva // *Economy of Regions*. – 2023. – Vol. 19, No. 2. – P. 343-354. – DOI 10.17059/ekon.reg.2023-2-4.

References

1. Ahatova, Je. H. Retrospektivnyj analiz jetapov urbanizacii i tendencij razvitija gorodov v Kazahstane / Je. H. Ahatova, L. M. Bekenova, G. Zh. Sejthamzina // *Vestnik universiteta Turan*. – 2022. – № 3(95). – S. 83-94. – DOI 10.46914/1562-2959-2022-1-3-83-94.
2. Kireyeva, A.A. Assessment of the socio-economic performance of vulnerable and depressed territories in Kazakhstan / A. A. Kireyeva, N. K. Nurlanova, A. A. Kredina // *R-Economy*. – 2022. – Vol. 8, No. 1. – P. 21-31. – DOI 10.15826/recon.2022.8.1.002.
3. Myrzaliev, B.S. Аймақтарда шарын және бір салалы қалаларды әлеуметтік-жекономикалық дамытуды басқарудың ғылыми негіздері // *Vestnik universiteta Turan*. – 2016. – № 1(69). – S. 227-231.
4. Jernazarov, T. Ja. Issledovanie, analiz sovremennogo jekonomicheskogo sostojanija monogorodov Respubliki Kazahstan / T.Ja.Jernazarov, N.M.Sherimova, A.A.Titkov // *Vestnik Torajgyrov universiteta. Jekonomicheskaja serija*. – 2022. – №4.– S.6-21. – DOI 10.48081/HFBF2476.
5. Satpaeva, Z. T. Analiz gorodov-sputnikov aglomeracij Kazahstana / Z. T. Satpaeva // *Aktual'nye nauchnye issledovanija v sovremennom mire*. – 2021. – № 9-1(77). – S. 153-158.
6. Koshebaeva, G. K. Upravljaemaja urbanizacija v Kazahstane v uslovijah cifrovoj jekonomiki / G. K. Koshebaeva, Z. M. Magrupova, V. V. Birjukov // *Trudy universiteta*. – 2023. – № 4(93). – S. 312-323. – DOI 10.52209/1609-1825_2023_4_312.
7. Yesbergen, R.Ә. Қазақстандағы шарын қалалар брендингі: Ақтөбе облысының Қандыараш қаласы мысалында // *Vestnik Karagandinskogo universiteta. Seriya: Ekonomika*. – 2018. – Vol. 89, No. 1. – 225-233.
8. Dyussebekova, Zh. M. Analysis of labor market trends in single-industry towns in Kazakhstan / Zh. M. Dyussebekova, A. A. Nurpeissova, N. A. Tovma // *Central Asian Economic Review*. – 2023. – No.2(149). – P. 44-56. – DOI 10.52821/2789-4401-2023-2-44-56.

9. Langinen, A. V. Malonaseljonnye i sel'skie territorii v Velikobritanii: mery po resheniju problem upravlenija // Socium i vlast'. – 2020. – №6(86). – S.29-39. – DOI 10.22394/1996-0522-2020-6-29-39.
10. Avetisjan, A. A. Malye goroda velikobritanii: prostranstvennoe razvitie i // Gradostroitel'stvo. – 2023. – № 1-2(83-84). – S. 17-21
11. Stroev, P. V. Gorodskie aglomeracii kak jelement regional'noj politiki (na primere Kanady) / P. V. Stroev, M. N. Ravaev // Jekonomika promyshlennosti. – 2016. – № 2. – S. 183-190. – DOI 10.1707/2072-1663-2016-2-183-190.
12. Makarov, I.N. Upravlenie prostranstvenno-territorial'nym razvitiem na osnove strategij: opyt stran Evropejskogo Sojuza // Izvestija Sankt-Peterburgskogo gosudarstvennogo jekonomicheskogo universiteta. – 2023. – № 6-1(144). – S. 26-30.
13. P'jankova, S.G. Strategicheskoe social'no-jekonomicheskoe razvitie monopofil'nyh gorodov: rossijskij i germanskij opyt // e-FORUM. – 2018. – № 4(5). – S. 16.
14. Ledneva, O. V. Adaptirovannaja sistema pokazatelej ocenivanija ustojchivosti razvitija malyh i srednih gorodov celjam ustojchivogo razvitija OON / O. V. Ledneva // Jekonomika i predprinimatel'stvo. – 2019. – № 12(113). – S. 521-526.
15. Burlakov, L. Osobennosti upravlenija malymi gorodami v Respublike Kazahstan // Gosudarstvennoe upravlenie i gosudarstvennaja sluzhba. – 2017. – № 3(62). – S. 17-22
16. Doklad Ministra nacional'noj jekonomiki A.Kuanyrova «O sisteme regional'nyh standartov dlja naselennyh punktov RK»
<https://www.gov.kz/memleket/entities/economy/press/article/details/126203?lang=ru> (date of access: 20.02.2024)
17. Kompleksnyj plan social'no-jekonomicheskogo razvitija Aktjubinskoj oblasti na 2021-2025 gg.
<https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2200000038>
18. Bjuro nacional'noj statistiki. Statistika regionov/Aktjubinskaja oblast' [Jelektronnyj resurs]. – URL: <https://stat.gov.kz/ru/region/aktobe/> (date of access: 23.02.2024)
19. Plan razvitija Aktjubinskoj oblasti na 2021-2025 gody
<https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-ekonomika?lang=ru> (date of access: 24.02.2024)
20. Abenov, E. M. Қазақстанда агломерациялық қалалардың инновациялық дамуын басқару / E. M. Abenov, T. Қ. Bekzhanova, A. M. Bakirbekova // ECONOMIC Series of the Bulletin of the L.N. Gumilyov ENU. – 2023. – No. 2. – P. 130-142. – DOI 10.32523/2789-4320-2023-2-130-142.
21. Nurlanova, N. K. Sustainable Development of Cities: Rating Assessment Methodology and Risk Analysis (Using Kazakhstan as an Example) / N. K. Nurlanova, F. G. Alzhanova, Z. T. Satpayeva // Economy of Regions. – 2023. – Vol. 19, No. 2. – P. 343-354. – DOI 10.17059/ekon.reg.2023-2-4.

ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ МАЛЫХ ГОРОДОВ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН (НА ПРИМЕРЕ ГОРОДА КАНДЫАГАШ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ)

***Раушан ЕСБЕРГЕН**, Профессор Актюбинского областного филиала Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан, Актобе, Казахстан, r.esbergen@apa.kz*

PROSPECTS FOR THE DEVELOPMENT OF SMALL TOWNS IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN (ON THE EXAMPLE OF THE CITY OF KANDYAGASH, AKTOBE REGION)

***Raushan YESBERGEN**, Professor of the Aktobe regional branch of the Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan, Aktobe, Kazakhstan, r.esbergen@apa.kz*